

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№1 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/QZXY9517>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/WGZJ8113>

***А. Б. Досыбаева¹, Ш. С. Әбішева², Б. Ә. Көшімова²**

¹Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.;

²Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,

Қазақстан Республикасы, Ақтау қ.

*e-mail: dos_aitgul@mail.ru

ҰЛТТЫҚ ПРОЗАДАҒЫ ӨНЕР ТАҚЫРЫБЫ

Өнер адамының өмірі мен шығармашылығын тақырып арқауы еткен туындылардың қай-қайсысы да көркемдік шеберлігінің өзіндік өрнегімен, өзекті эмоциялық қуатымен, таным-талғамымен, өмір туралы гибратты, салихалы ой, философиялық толғам айтуымен ерекшеленеді. Мақалада белгілі қаламгер Зейтін Ақышевтың «Жаяу Мұса» романында бейнеленген ұлт тарихы үшін қазақ даласында өнерімен аты аңызға айналған, қара халықтың мұңын мұңдап, жосын жсоқтап, жазықсыз жала жабылып қуғынға ұшыраған, қазақ өнерінің қайталанбас өкілі, әнші, композитор Мұса Байжанұлының өмір жолы мен шығармашылығы, ұлт руханиятындағы орны сөз болады. Автор қаламгердің Мұса Байжанұлын тек өнер адамы ретінде емес, халқының қамын ойлаған қайраткер ретінде де суреттегенін дәлелдеп шыққан. Өнерпаз кейіпкер өмірін даралап, өмір құбылысы мен әлеуметтік теңсіздікке саятын тартыстың астарында халық мүддесі қалай көрініс табатынына маңыз береді. Көркем шығармаға тарихи тұрғыдан қарау, тарихи кейіпкер мен оның көркем бейнесінің ара салмағын безбендеп, өмір шындығы мен көркем шындықтың арақатынасы жазушылық шеберлік тұрғысынан қарастырылады. Сонымен қатар, З. Ақышевтың өмірде болған нақты кейіпкерді көркем образға айналдырудағы көркемдік ізденістері, заман шындығын, кезең келбетін шынайы суреттеуде штрих, детальдарды қолданудағы қаламгерлік шеберлігі де назардан тыс қалмаған. Адам мен заман, тарих пен тарихи тұлға туралы зерттеулерге ғылыми-танымдық пайымдаулар жасалады.

Кілтті сөздер: өнер, өнерпаз, кейіпкер, образ, тарихи тұлға, ұлттық құндылықтар.

Кіріспе

Кез келген ұлттың рухани дүниетанымының өлшемі оның материалдық байлығымен емес, ұрпақтан ұрпаққа мирас-мұра болып қалатын жәдігері көркем әдебиетімен, өнерімен дәріптеледі. Кезеңінде табиғатынан дарын иесі, шын таланттар бізге ғажап ән, сазды күй сыйлап, елді шынайы өнерімен ұйыта білді. Әуеде қалықтаған құс төресі аққуды қобыздың үнімен жерге түсірген күйші Ықылас, қасиетті домбырамен ботасы өлген нарды идірген Боғда, әнші Әсет, Естай, Жаяу Мұса, Біржан мен Ақан, Құрманғазы мен Дина, Түркеш, Тәттімбеттер халық арасынан шыққан үздік таланттар екені баршамызға аян.

Халқымыздың ғасырлар бойы жасаған әдеби-мәдени жәдігерлері, күй өнері мен күйші туралы аңыз бен ақиқат, сал-серілердің тағдыр-талайы, өнер құдіреті қазақ әдебиеттануында жанрлық-көркемдік тұрғыдан биік белбелестерге көтерілді. Мәселен, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, І. Жансүгіров, С. Сейфуллин, Б. Майлин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ф. Мүсірепов, Ф. Мұстафин т.б. қаламгерлердің айтулы өнер адамдарының өмірі мен шығармашылығын, кезеңінде басынан кешкен тағдыр ауыртпалығын арқау еткен прозалық туындылары әдебиетіміздің алтын қорына әлдеқашан қосылғаны ақиқат. Бұл туындылар енді ұлтымыздың мәңгі рухани құндылықтары санатында кейінгі толқын қаламгерлерге суреткерлік шеберліктің, жазушылық талаптың, өре-талғамның айнымас өлшеміндей жол көрсетіп, бағыт-бағдар сілтейтін бағдаршам болды. Осындай құнды көркем туындыларды дүниеге әкелген, құнарлы орта қалыптастырған классиктеріміз уығын мықтап қадап, керегесін кеңге жайып, шаңырағын тіктеп көтерген Алаш ұранды әдебиет қазақ прозасының 60–80-жылдардағы кезеңіне де өз әсерін тигізді. Оған дәлел ретінде, өнер адамының өмір жолына арналған көркем туындылар қатарынан С. Жүнісовтің «Ақан сері» роман-дилогиясы, Т. Әлімқұловтың «Телқоңыр», «Сейтек сарыны», «Сары сыбызғы», «Қаралы қобыз», «Күйші», «Кертөлғау», Ә. Кекілбаевтың «Күй», І. Жақановтың «Ықылас», «Қобыз», «Шулайды шудың қамысы», С. Бақбергеновтің «Қайран шешем», Т.Ахтановтың «Күй аңызы» т.б. шығармаларын айтуға болады. Солардың бірі белгілі жазушы Зейтін Ақышевтың «Жаяу Мұсасы» – өзіндік стильдік ерекшеліктерімен дараланып, тарихи-әлеуметтік романға қойылатын талап-деңгейлердің биігінен көрінген кесек туынды. Жазушы Мұса Байжанұлының қиын тағдырын терең суреттей отырып, ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы тарихи оқиғалардың аясында, отаршылдық қамытын киген қазақ қауымының тағдырын бейнелеуді мақсат еткендігін көреміз.

Материалдар мен әдістер

Жазушы З.Ақышевтің Мұса Байжанұлы өміріне арнаған «Жаяу Мұса» романындағы өнер құдіретін, өнерпаздың жекелей ғұмырнамасын, оның

өмір сүрген кезеңіндегі тарихи-әлеуметтік жағдайдың ақын өміріне әсерін, өскен ортасын зерделеуде мәтін талдау, саралау, салыстыру, сипаттау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Әрбір халық өзінің арғы-бергі тарихын өзі жазуға тиіс. Бөтен идеологияның жетегімен жүруге болмайды. Ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған шежіре ұрпақтың санасын оятып, ұлттың жадын жаңғыртуға мүмкіндік береді» [1], – деген болатын. Осы орайда өткен тарихымызды, одан алатын тәрбие мен тағылым, кезеңінде өмір сүрген тұлғалар ғұмырнамасы, өнер иелері турасында жәдігерлер ұрпақ санасына руханият нәрін сіңіруге септігін тигізері анық. Сонымен қатар, ұлттық әдебиетте қаламгерлеріміздің өнерпаз тұлғасын бейнелейтін шығармалары қазақ прозасының сарқылмас қайнар бұлағы десек, олардың өмір сүрген кезеңі, өнерпаздың заман талабына үн қосып, әділетсіздікке қарсы күресі қазіргі ұрпаққа өнеге.

Фольклор белгілі бір қоғамда қолданылатын мәдениеттің ажырамас бөлігі [2] десек, тамырын тереңге жайған аса бай фольклорлық мұраларда синкретті өнер, яғни «халықтың тұрмыс-салт жырлары, сөз, әуен, саз, би және ән-күй өнері бір-бірінен дараланбай, тұтас күйінде көрінеді...» [3, 77]. Сол тәрізді, қазақ тарихында бір басында ақындық, әншілік, сазгерлік, шебер орындаушылық, жыршылық өнерді тоғыстырған ақындардың, сал-серілердің өнерпаздық табиғаты айрықша мәнділігімен ерекшеленеді. Мәселен, халықтың арасынан шыққан осындай киелі өнердің сан түрі бір басынан табылатын көрнекті өкілдері Біржан сал, Ақан сері, Абай, Мұхит, Балuan Шолақ, Жаяу Мұса, Мәди, Үкілі Ыбырай, Құлтума, Майра, Естай, Нартай, Кенен, т.б. жөнінде тарихи-әдеби деректер, соны ізденістер, сүбелі зерттеулер жүргізіліп, өнерпаз ғұмырнамасын тақырып арқауы еткен көркем туындылар жазылды. Аталған бағыттағы шығармаларды ғылыми-әдеби тұрғыда зерттеп-зерделеу жұмыстары әлі де жалғасуда. Міне, солардың бірі заманында дарынды ақын, әнші, қобыз бен домбыра, сырнай мен сыбызғының тілін білген композитор Мұса Байжанұлының өмірі мен шығармашылығын кеңінен баян еткен белгілі қаламгер Зейтін Ақышевтің «Жаяу Мұса» романы еді.

«Жаяу Мұсаның» авторы өз кейіпкерін Ақан мен Мәди сияқты есейген шағынан емес, сонау балалық шағынан бастап суреттейді. Романда өнерпаздың ғұмырындағы асуы биік, түсуі күз кезеңдерін алып, жазушы оның өмірге келген шағынан бастап, дүниеден өткенге дейінгі уақытты жеке-жеке тарау түрінде берген. Бұл тараулар, бір-бірінің жалғасы іспеттес құрылып, өнерпаздың бар ғұмырын суреттейтін құнды дүние болғандығына көз жеткіземіз. Көркем туынды «Шала туған», «Қашқын бала», «Жаксыдан

шарапат», «Шен мен шекпен», «Қиянат пен сергелден» тағы басқа тараулардан тұрады.

Жалпы, «тарихи шығарма – адамзат баласының жүріп өткен жолының хронологиялық тізбегі ғана емес, сол адамдардың нақты іс-әрекеті, мінез-құлық, бітім-болмысы, оның өмір сүрген ортасына ықпалы» [4] екені даусыз. Тарихи туынды жанрлық тұрғыда өткен уақытты қамтитын болғандықтан, автордың басты назарда ұстайтыны, кейіпкерлер арқылы сол дәуірдің қоғамдық-әлеуметтік, саяси жағдаяттарынан оқырманды хабардар ету.

3. Ақышевтің аталған романында қазақ сахарасындағы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы тарихи оқиғалар, саяси- әлеуметтік жағдай, адамдар арасындағы теңсіздік, қазақ ауылдарының тұрмыс-тіршілігі, заман шындығы Мұса Байжанұлының өмірімен өріле көркем тілмен шебер суреттеледі.

С. Жүнісовтің «Ақан сері» роман-дилогиясындағы Ақан, Ә.Әбішевтің «Найзағайындағы» Мәди, З. Ақышевтің «Жаяу Мұсасындағы» Мұса қарапайым халықтың сөзін сөйлеп, оларға бір табан жақын тұрғандықтан, солақай саясат, зұлмат заманда өктем күш иелерінен озбырлық көрді. Бұлай болуы да заңды еді. Олар болыс-би, атқамінер, шен-шекпенділердің, байлардың ығына жығылып, мақтап, мадақтап, өлең айтқан жоқ. Керісінше, сол озбырлардың қара халыққа істеп отырған әділетсіздігін аяусыз беттеріне басты. «Тарихи шығарма жанрына тән делініп жүрген кейбір белгілер (оқиғаның тарихи нақты болуы; көркем шығарманың, ондағы кейіпкердің мінез-құлықтарының белгілі тарихи дәуір шындығына сай келуі т.б.) алдымен, тарихи шығарманың тек тақырыптық даралығынан туындайды» [5, 118] десек, З. Ақышевтің «Жаяу Мұсасында» өнерпаздың мінез қырлары үстем тап өкілдерімен тартыс-күресте тіптен дараланады. Көркем туындыда сөз болған өнер адамдарының іс әрекетінен де, олардың өнерінен де (ән, жыр) сол кезеңнің жай-күйі сезіліп тұруы заңды [6]. Мәселен, ақынның Баян дуанының аға сұлтаны Мұса мен оның болыс інісі Мұстафаның елге істеп отырған озбырлық әрекеттерін әшкере еткен мақаласы Омбыдан шығатын «Степная газета» басылымында «Қиянат» деген атпен жарияланады. Бұл да бас кейіпкердің характерін даралайтын детальдің бірі. Сондай-ақ, ақынның әділетсіздікке қарсы күресінің одан әрі шиеленісіп, шарықтау шегіне жеткен тұсы – Мұстафа мен Жақыптың өтірік құжат жасап, патша әкімдеріне уыстап ақша беріп, Жаяу Мұсаны жазықсыз жазалап, Тобылға жер аудартып жібергені:

«– Жаяу, сен бермен қара, Шорманның баласы құдай емес, бірақ құдайдан былай емес екеніне көзің әбден жеткен болар. Аспандағы айға шабам деп арыстан мерт болыпты дегенді естіп пе едің, естімесең осы. Ха-ха-ха.

Тон киген қызылсаннан Жаяу тоңбас,
Қалды әне Ақшоқыда Байжан қу бас.
Көзіңнен мұнан былай бір-бір ұшар,
Мінер ат былай тұрсын, ішетін ас, ха-ха...» [7, 89].

Бұл жазықсыз жала жабылып, Тобылға айдауға кетіп бара жатқан Жаяуға айтқан Мұстафаның ащы кекесінді сөзі еді. Жазушының кейіпкер мінезін оқиға-сюжет серпінімен емес, психологиялық тебіреністерді сипаттайтын авторлық баяндаулар арқылы беруі де өзгеше. «Жаяу ала көзімен атып жыққандай Мұстафа мен Жақыпқа кезек-кезек қарады. Айдың үстінде түрме азабына нақақтан жағылған жаза мен көрген қорлық қосылып тіптен жүдеп қалған-ды. Ол Мұстафаға қанын ішіне тартып алғандай өте сұсты көрінді. Екеуінің алдынан өте бергенде кілт тұра қалып,

Сәлем айт көн Қаржастың баласына,
Қалдым мен Мұстафаның жаласына.
Әкеңді өлтірген кім мен білмеймін,
Сонда да құнын менен аласың да.
Кигенім қысы-жазы өңкей қызыл,
Тартпаймын өле-өлгенше тілім ұзын.
Саған күшім жетпейді, өкінбеймін,
Мырзаның шаңға аунатқам ерке қызын,

– деп, ішіндегі ыза мен кекті осылай төгіп жіберген» [7, 92]. Осы сәтте авторлық баяндау жетекші орын алып, кейіпкердің айналадағы құбылыстарды қабылдауы, сол мезеттегі көңіл-күйі, оны бағалауымен тығыз бірлікте көрініс тапқан.

Тарихи туындыларда ел тұтастығына, бірлігіне жегі құрт боп түскен патшалық Ресей мен ел ішіндегі атқамінерлердің әділетсіз іс-әрекеттері – қазақ қаламгерлерінің шығармаларында берік орын алған тенденция. Мәселен, С. Жүнісовтың «Ақан серісінде» ақын кереғар заманның өңкей «мықтыларына» удай ащы тілі, мірдің оғындай өткір сөзімен тойтарыс беріп, дүйім жұртты аузына қаратса, Ә. Әбішевтің «Найзағайында» Мәди зұлмат заманның әділетсіз әрекетін өз пайдаларына жаратып отырған тоғышарларға қарсы әрекет жасайды. Ақынның сөзінен гөрі, іс-әрекеті басым. Халқы аштыққа ұшырап, қырылу қаупі туғанда Мәди еш ойланбастан елін аштықтан құтқару қамына кірісіп кетеді. Жас кезінде сүйгенінен айрылып, жүрегіне жазылмас жара салған Текеш, Түнекбай сынды шонжарлардың жылқыларын шауып алып, Шомбал сияқты алпауыттан кегін алады. Сонау кездері байлардан көрген әділетсіздік жарасы Мәди ақынды үлкен күрестерге аттандырды.

З. Ақышевтің «Жаяу Мұса» романында да Мұсаның өнерпаздығынан гөрі Мәди сияқты іс-әрекеттің адамы екендігі Баян дуанының аға сұлтаны

Мұса мен оның болыс інісі Мұстафаның елге істеп отырған озбырлық әрекеттеріне қарсы күрес үстінде көрінеді. Сондай-ақ, кезеңіндегі айтыс-тартыс, екіжүзділік, адамдар арасындағы қызғаныш, көре алмаушылық, айналасындағылардың өзіне деген қарым-қатынасы, өз ортасы – барлығы да Мұсаға жайдан жай әсер етіп қана қоймай, өміріне де, өнеріне де қырсығын тигізіп келді. Әдебиет зерттеушісі Т. Сыдықов айтқандай «...қаһарман кейде жұмыр басты пенде ретінде саяси-әлеуметтік жағдай салдарынан, тұрмыс тауқыметінен пендешіліктің ми-батпағын кешіп былғанса, кейде сабасына түсіп, «тазару амалдарын» жасайды» [8, 171].

Романда бірін-бірі жандүниесімен түсінетін рухани байланыстағы өнер адамдарының, әсіресе Мұса мен Біржан сияқты әйгілі қос өнерпаздың кездесуі де тартымды бейнеленген. Мұса басынан өткен бүкіл ауыр жағдайын, мұң-мұқтажын Біржанға баяндағанда, оған: «Менің байқағаным өзіңізде батырлық пен өжеттік қана емес, ағаттық пен аңғалдық та бар екен ғой. Өзің жалғызсың, өзің жаяусың, сенің қолыңнан не келеді? Жарайды қасыңа он жігіт қосып берермін, бұл шаруада ол он жігіт не бітіреді? Өзіндік үнің бар, сөйлесең шешен тілің бар адамсың ғой. Осындай ел ішіне іріткі салып отырған озбырлардың әділетсіз әрекетін, зорлығын ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін артыңа мағыналы сөз қалдыр. Адам өлгенімен, сөзі өлмейді. Жақсы сөз халықтың есінен кетпейді, елдің аузынан түспейді» [7, 109], – деуі Біржандай парасаты мол ағаның таным көкжиегінің кеңдігін аңғартады. «...туындының эстетикалық құндылығы әлем мен ондағы адамның қалай сипатталғанына тең. Көркем және әдеби образдар иерархиясында адамдардың бейнелері маңызды орын алады» десек, екі өнерпаздың таным көкжиегіндегі сәйкестіктерін осы тұстардан анық көруге болады [9, 109].

Ақын ағаның айтқан сөзі Жаяуды еріксіз көп ойландырады. Жәй ойландырмайды, өнер адамының ой-танымы тұрғысынан толғандырады.

Ішкі монолог – адамның психологиялық құбылыстарын, ішкі жан дүниесін ашып, образ сомдауда да сүбелі үлес қосатын бейнелеу құралы. «Жаяу Мұса» романында Мұсаның толғанысы ішкі монологте ерекше көрініс тауып, автордың баяндауымен кірігіп кетіп отырады.

Монологтің қазақ романдарындағы көрінісі, оның психологиялық қырларын анықтауда арнайы зерттеу жүргізген Б. Майтанов, Т. Рақымжанов, Г. Пірәлиева еңбектері бұл бағыттағы ізденістердің іргелісі. Мәселен, Г. Пірәлиева ішкі монологтің бірнеше түріне ғылыми тұрғыда талдаулар жасайды [10]. Олардың біріншісі, санадан, яғни еркіннен мүлдем тыс ішкі монолог (безсознательность), екіншісі жарым-жартылай саналы, кейде санадан тыс сәттегі ішкі монолог, ол көбінесе, «ой ағысы» (поток сознания) тәсіліне ұласып жатады. Ал үшіншісі, өзін бақылай алатын, жүйелі түрде бағыты айқындалған, шын мәніндегі ойлау үдерісін білдіретін ішкі монолог.

Мәселен, романда Мұсаның ішкі ойы, өзімен-өзі пікірлесуі, толғамы, өзіндік шешім шығаруы – барлығы да осы ішкі монолог арқылы жүзеге асады. Ақынды «кей тұстарда өмірден алар сыбағам осы ма еді?.. мен кіммін?..» деген сұрақтар көп мазалайды. Мұсаның ішкі монологі өзін саналы түрде бақылап, Біржан ақынның айтқан парасатты ақылынан іштей ой түйіп, ендігі бағытын айқындап отырған кейіпкердің ішкі монологі деуге болады. Өгей шеше Балжаннан қаншалықты таяқ жесе де, өңменінен өтетін қарғыс, арнамысына тиетін балағат сөздерді естісе де кейіпкердің өн бойынан қажыр-қайрат, күш-жігер, нағыз азаматқа тән ер мінез бен шыдамдылықты анық аңғарамыз. Мұса мұндай көңілсіз мезеттерде өзінің ішкі ойымен сөйлесе отырып, өзін әсем әнмен, көңілін сиқырлы әуенмен жұбатады. Ел ішін аралап, өнерпаздармен кездесіп, ән-жыр, сауық-сайранмен көңіліндегі мұңды жеңілдетіп, жүрегі байыз тапқандай күй кешеді. Міне, авторлық даралықтың, жазушының өз қолтаңбасын танытатын стильдік амалдардың бірі кейіпкерді іштей сөйлету, ойланту тұстары екендігіне көз жеткіземіз.

Мұса Кәрімнің Сәйфулласымен татар медресесінде оқып, аз да болса хат танып сауатын ашады. Кәрімнің үйінде Шыңғыстың ұлы Шоқанмен танысады.

Адамның белгілі бір сәттегі сезім күйлерін тапқыр әрі ұтымды, қысқа да мағыналы бейнелеуде диалогтің ерекше тәсілдерін қаламгерлер өз мақсаттарына қарай түрлі жағдайларда сәтті пайдаланады. Оған дәлел автор қазақ халқының аса дарынды осы екі ұлының арасындағы кездесуді, жылы жүздесуді оқырманына төмендегі диалог арқылы сәтті жеткізеді:

«...Мен білсем осы жігіттің бойында өнер көп. Жетелеп жөнге салса, саулап кетейін деп тұрған сықылды», – деді Шоқан ішінен ой түйіп.

– Бізбен бірге жүрсең қалай болады?

– Кіммен, қайда?

– Омбыға.

– Не мақсатпен, Омбыда не бар маған?

– Мүмкін сол жақтан іздегенің табылар.

– Орыстың оқуы ма?

– Иә, орыс оқуы.

– Орыс оқуы біздейлердің қолына түсетін бе еді?.. Қайда-а-ан?!

Елге қайтам.

Мұса елге қайтса оның бойындағы өнердің шаң-тозаңның астында тұншығып қалатынын болжап:

– Жер көрмейсің бе? Елден не аласың? Бізбен жүр, бір қараға ілігіп кетерсің.

Мұса жалт қарады:

– Болсын, жарайды.

– Дана халқымыз «жақсыдан шарапат» дейтін еді, ердім соңыңыздан...» [7, 165], – деп Омбыға кетуге шешім қабылдады.

Осы тұста өнерпаздың Шоқан Уәлихановпен достасуы, оның дүниеге көзқарасына, әлеуметтік халдің түп-тамырын ажырата білуіне көп әсерін тигізеді. Көп нәрсені үйренеді. Шоқан арқылы өзге елдердің әдебиеті мен өнеріне, мәдениетіне жол ашылады. Омбыдағы орыс мектебінде сауат аша жүріп, Петербург, Мәскеу сынды ірі қалаларда шығатын мерзімді басылымдарда жарияланған біршама мәліметтерден хабардар болады. Бұның өзі Мұсаның қоғамдағы болып жатқан әділетсіздіктерді көріп, үстем тап өкілдерімен алысқан күреске толы өмірінде елеулі орын алды.

Романда диалогтің көтерер жүгі ауыр. Әдебиеттің эстетикалық мұратын жоғары қойған қаламгер кейіпкердің ішкі әлемінде болып жатқан өзгерістерді танытудың құралы ретінде бір сәттегі сезім күйлерін тапқыр әрі ұтымды, қысқа да мағыналы бейнелеуде диалогтің ерекше тәсілдерін өз мақсаттарына қарай пайдаланған. Әсіресе, Мұсаның есею жылдарындағы көрген сан түрлі қиындықтары, өмірдің бұралаң жолдарындағы оқиғалар, оларды оқырманына боямасыз жеткізуде, шығарманың идеялық мазмұнын ашу мен кейіпкердің мінез-құлқын, түйсік-түсінігін шебер суреттеуде диалогтің орны ерекше. «Көркем шығармада адам әйтеуір сөйлеуге тиіс болғандықтан сөйлемеуі керек. Әр сөз жасанды емес, табиғи түрде айтылып, геройдың мінезін танытып, образын аша түсіп, оны даралап жатуы керек. Сонда ғана диалог көркем шығармада өз рөлін ойнай алады» [11, 218].

Кейіпкерлерін монолог, диалог, полилог т.б. арқылы олардың ауыздарына түрлі сөз орамдарын салып, әрқайсысының мінезін қалыптастыру, қарым-қатынас жасайтын адамдарын әр қырынан стильдік мақсатта көрсету – З. Ақышев шығармаларының ең ұтымды тұстары. Сондай-ақ, қазақ аулы өмірінің әрқилы сәттерін бейнелейтін нанымды суреттер жазушының ел тіршілігін білетінін, оның түрлі-түрлі саласындағы штрих, ұсақ детальдарына шейін, әр қилы характерлердің қыры мен сырына қанықтығын, жалпы ел тұрмысын жете меңгергенін байқатады.

Қаһарманды психологиялық тебіреністер арқылы сипаттау жазушы стилінде жиі ұшырасады. Осы ретте академик М. Қаратаев: «Жаяу Мұса» туралы шығарма жазу Зейтін Ақышевтың сонау жиырма жылдан бергі мақсат-мұратына айналған еді. Автор көп жылғы еңбегінің қорытындысы ретінде көлемді шығарма енгізбек. Аталған роман жайында «Ең алдымен жазушының тіл байлығын айтар едім. Көп шығарма тілінің жұтандығынан ақсайды десек, бұл шығарма тілінің шұрайлылығымен өзгелерден көш ілгері тұр. Автор кітабында әңгіме болып отырған дәуір тілін, жалпы қазақтың байырғы құнарлы, нәрлі тілін жетік біледі. Осы тіл байлығынан келіп шығарманың тағы да бір қасиеті ашылмақ. «Жаяу Мұсада» диалогтер өте

әсерлі шыққан. Жазушы білгенін, байқағанын кейіпкерлердің сөйлеген сөз арқылы көркем суретке бөлеп кестелі тілмен жеткізе білген» [12, 115], – деп, қаламгердің байыпты ой мен сөз жүйесінен, қалыптасқан қолтаңба мен стиль сұлулығынан, көркемдік ізденістерінен табиғи талант белгілері терең танылатындығын пайымдайды.

3. Ақышевтың «Жаяу Мұса» романында жекелеген кейіпкерлерді мүсіндеу, өнерпаздар, олардың өмір сүрген кезеңі, белең алған әртүрлі әлеуметтік-психологиялық иірімдер, қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігін баяндағанда аламан бәйге, ат жарысы, көкпар тарту, балуандардың күш сынасуы, нағашы мен жиен арасындағы, жеңге мен қайны арасындағы әзіл-қалжың, қағытпалар, т.б. сынды этнографиялық суреттемелерді молынан пайдаланып, бас қаһарман образын даралап, айшықтауда шебер қолдана білгендігін көреміз. Қаламгер адам жанының психологиялық құбылыстарын көрсету арқылы образ сомдау, қаһарман образы арқылы өмір шындығын таныту, жан сұлулығы, сезім беріктігі арқылы кейіпкердің адамдық болмысын көрсетуді басты мұрат тұтқан.

Қорытынды

XX ғасырдың 60-шы жылдарынан басталатын әдеби үдеріс қазақ әдебиеті даму кезеңдерінің ең бір өнімді мерзіміне жатады десек, оған жанрдың көкжиегінің кеңейгенін, көркемдік-эстетикалық, танымдық ізденістер жүйесінің барынша қанат жайып, түрлі тақырыптардың, әсіресе, тарихи тақырыптың молынан игерілгендігін айрықша айтар едік.

Жанрлық ерекшелік тұрғысынан алғанда, аталмыш кезеңдегі тарихи шығармалардың денін ұлтымыздың рухани байлығы саналатын өнер тақырыбы, қазақтың ән-күй өнерінің өкілдері, сал-серілер, олардың ғұмырнамасы туралы туындылар құрайды. Өнер мәселесіне, өнерпаздар тақырыбына арналған қай туындыны алып қарасак та, шын өнер, ұлттық руханият көркем шығармаларда терең де тартымды баяндалатынына көз жеткізуге болады.

Жалпы адамзаттық құндылығы бар төлтума мәдениетімізді қалыптастыратын өнердің өміршеңдігі адамзат баласының қоғам мен тарихқа деген объективті көзқарасынан бастау алады. Осы орайда әншілік пен өлең өнерін ғасырлар бойы жанына серік етіп өскен халық әдебиетінің сыршылықтан, жүрек тебірентерлік сезімтал лирикадан алыс дамуының өзі мүмкін емес екенін біз баса айтуымыз керек.

Қорыта айтқанда, 3. Ақышевтың «Жаяу Мұса» романында қаламгерлердің көркемдік ізденістеріндегі асқан шеберлік, өнер түрі, өнерпаз табиғатын танытудағы шалқар шабыт, нәзік лиризм, жазу машығында терең философия, оқырмандарын ұйыта білетін психологизм, тек қазақ халқына ғана тән нақыш, бояудың шымқай айқындығы ерекше көрініс тапқан. Көркем сапалық

қасиеттері тереңдегі ағыстардай, өнер сүйер оқырмандарды өзіне қарай үйіре тарта беретін шығармалар – рухани мәдениеттің мәңгілік қазынасы екені сөзсіз.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Тоқаев, Қ. К.** Тәуелсіздік бәрінен қымбат [Мәтін] // Егемен Қазақстан. – 2021, 5 қаңтар.
- 2 **Bohlman, P. V.** The study of folk music in the modern world [Text] Indiana: Indiana University Press, 1988. – 206 p.
- 3 **Қоңыратбаев, Ә.** Қазақ фольклорының тарихы [Мәтін]. – Алматы : Ана тілі, 1991. – 279 б.
- 4 **Жақанов, И.** Аққулар қонған айдын көл [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1988. – 206 б.
- 5 **Поспелов, Г. Н.** Проблемы исторического развития литературы [Текст]. – М., 1992 – 159 с.
- 6 **Scholes, P. A.** Folk Song: The Oxford Companion to Music [Text]. Clarendon : Oxford UP, 1977. – 397 p.
- 7 **Ақышев, З.** Жаяу Мұса [Мәтін]. – Алматы : Жібек жолы, 2011. – 456 б.
- 8 **Сыдықов, Т.** Мұрат пен міндет [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1987. – 316 б.
- 9 **Afanasiev, A., Tahan, S., Nurgali, K., Mukhametshina, R.** The Problem of Portraying a New Type of National Character in Zh. Aymaulytov's Novel «Kartkozha» [Text] // Turismo-Estudios e Practicas, Brasil, 2019. – vol. 8. – № 1. – 906 p.
- 10 **Пірәлиева, Г.** Ішкі монолог [Мәтін]. – Алматы : Ер Дәулет, 1994. – 121 б.
- 11 **Қабдолов, З.** Сөз өнері [Мәтін]. – Алматы : Қазақ университеті, 1992. – 350 б.
- 12 **Қаратаев, М.** Ізденіс іздері: Әдеби-сын мақалалар [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1984. – 376 б.

References

- 1 **Tokayev, K. K.** Täuelsızdık bärinen qymbat [Independence is more precious than anything] [Text] // Egemen Qazaqstan. – 2021, 5 qańtar.
- 2 **Bohlman, P. V.** The study of folk music in the modern world [Text]. Indiana: Indiana University Press, 1988. – 206 p.
- 3 **Konyratbayev, A.** Qazaq föklorynyñ tarihy [History of Kazakh folklore] [Text]. – Almaty : Ana tili, 1991. – 279 p.

4 **Zhakanov, I.** Aqqular qoňǵan aidyn köl [The surface of the lake, where swans landed] [Text]. – Almaty : Jazuşy, 1988. – 206 p.

5 **Pospelov, G. N.** Problemy istoricheskogo razvitiya literatury [Problems of historical development of literature] [Text]. – Moscow, 1992 – 159 p.

6 **Scholes, P. A.** Folk Song: The Oxford Companion to Music [Text]. Clarendon : Oxford UP, 1977. – 397 p.

7 **Akishev, Z.** Jaiiau Mūsa [Zhaiiau Musa] [Text]. – Almaty : Jibek joly, 2011. – 456 p.

8 **Sydykov, T.** Mūrat pen mindet [The cherished purpose and objective] [Text]. – Almaty : Jazuşy, 1987. – 316 p.

9 **Afanasiev, A., Tahan, S., Nurgali, K., Mukhametshina, R.** The Problem of Portraying a New Type of National Character in Zh. Aymauytov's Novel «Kartkozha» [Text] // Turismo-Estudios e Practicas, Brasil, 2019. – Vol. 8. – № 1. – 906 p.

10 **Pralieva, G.** Işkı monolog [Internal monologue] [Text]. – Almaty : Er Däulet, 1994. – 121 p.

11 **Kabdolov, Z.** Söz önerı [Art Of The Word] [Text]. – Almaty : Qazaq universiteti, 1992. – 350 p.

12 **Karataev, M.** Izdenis izderi: Ādebi-syn maqalalar [Traces of the search : literary and critical articles] [Text]. – Almaty : Jazuşy, 1984. – 376 p.

30.01.23 ж. баспаға түсті.

25.01.24 ж. түзетулерімен түсті.

22.02.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

**А. Б. Досыбаева¹, Ш. С. Абишева², Б. А. Кошимова²*

¹Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова, Республика Казахстан, г. Шымкент;

²Каспийский университет технологии и инжиниринга имени Ш. Есенова, Республика Казахстан, г. Актау.

Поступило в редакцию 30.01.23.

Поступило с исправлениями 25.01.24.

Принято в печать 22.02.24.

ТЕМА ИСКУССТВА В НАЦИОНАЛЬНОЙ ПРОЗЕ

Любое произведение, темой которого является жизнь и творчество человека искусства, отличается своеобразием художественного мастерства, актуальной эмоциональной энергией, познанием и предпочтениями, выражением поучительных и праведных мыслей, философских размышлений о жизни. В статье говорится о жизни и творчестве, о месте в национальной культуре уникального представителя казахского искусства, о певце и композиторе Мусе Байжанулы, чей образ был изображен в романе известного писателя Зейтина Акышева «Жаяу Муса», ставшего легендарным в казахской степи благодаря своему искусству, который оплакивал в своих произведениях горе и нужды простого народа и был невинно оклеветан и подвергнут преследованиям. Автор доказал что писатель изобразил Мусу Байжанулы не только как человека искусства, но и как деятеля, заботящегося о своем народе. Литературовед индивидуализирует жизнь героя и подчеркивает, как за конфликтом феномена жизни и социального неравенства проявляются интересы народа. Художественное произведение рассматривается с исторической точки зрения, здесь переплетаются историческая личность и его художественный образ, благодаря писательскому мастерству мы наблюдаем соотношение реальности жизненной и художественной. Вместе с тем, не осталось без внимания и художественное мастерство З. Акышева в преобразовании жившего в реальности человека в художественный образ, его художественные искания, использование им штрихов и деталей для реалистичного изображения реальности и облика эпохи. Были высказаны научно-познавательные рассуждения по исследованиям о человеке и эпохе, истории и исторической личности.

Ключевые слова: искусство, человек искусства, персонаж, образ, историческая личность, национальные ценности.

**A. B. Dosybayeva*¹, *Sh. S. Abisheva*², *B. A. Koshimova*²

¹South Kazakhstan Pedagogical University
named after O. Zhanibekov,

Republic of Kazakhstan, Shymkent;

²Caspian University of Technology
and Engineering named after Sh. Yessenov,
Republic of Kazakhstan, Aktau.

Received 30.01.23.

Received in revised form 25.01.24.

Accepted for publication 22.02.24.

THE THEME OF ART IN NATIONAL PROSE

Each piece, centered around the life journey and artistic endeavors of a creative individual, stands out for its artistic mastery, unique conveyance of relevant emotional energy, elevated standards, humanistic approach, and philosophical contemplations on existence. The article examines the book «Jayau Musa» written by the well-known author Zeitin Akyshev. It explores the life and contributions of Musa Baizhanuly, highlighting his significance in the national culture as a distinctive figure in Kazakh art. Musa, a renowned singer and composer, achieved legendary status in the Kazakh steppe through his creations, which lament the sorrows of ordinary people. Unfortunately, he faced unjust accusations and persecution for his heartfelt expressions. The author proved that Musa Baizhanul is depicted not only as an artist, but also as a person who cares about his people. The literary critic individualizes the life of the hero and emphasizes how the people's interest is manifested behind the struggle for social equality. The novel is considered not only from the point of view of writing, but also from a historical point of view, balancing the personality and his artistic image, the ratio of artistic reality to life reality. At the same time, Z. Akyshev's capability to transform a real life character into an artistic image, and his skill in using strokes and details to realistically depict the reality of the time and the appearance of the era, did not go unnoticed. Scientific-cognitive judgments are made for research about man and time, history and historical figures.

Keywords: art, artist, hero, image, historical figure, national values.

Теруге 26.02.2024 ж. жіберілді. Басуға 29.03.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,58 МБ RAM

Шартты баспа табағы 28,72. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4201

Сдано в набор 26.02.2024 г. Подписано в печать 29.03.2024 г.

Электронное издание

3,58 МБ RAM

Усл. печ. л. 28,72. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 4201

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz